

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№66 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК**

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН
ТАРИХЫНЫҢ ІРГЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Элективті курс бағдарламасы



Нұр-Сұлтан, 2022

Білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық Сараптамалық кеңеске ұсынылды.

Хаттама № 3. 09. қыркүйек 2021 жылы.

Пікір берушілер:

Гиззатов С. М. - тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми хатшысы.

Нығмет. А. - Нұр-Сұлтан қаласы, № 77 мектеп-гимназия педагог-зерттеуші санатты тарих пәні мұғалімі.

Құрастырушы: Шайхиева Г.З. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері элективті курс бағдарламасы - Нұр-Сұлтан, 2022.-11 б.

Бұл курс бағдарламасы жаңартылған білім беру стандартына сай 11 сынып оқушыларын Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік қорытынды аттестатауға және ҰБТ– ге дайындық мақсатында жазылған. Бағдарламада ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын жүйелі және практикалық бекіту сабақтарын ұштастыру арқылы құрастырылған.

МАЗМҰНЫ

Түсінік хат.....	4 бет
1. Бағдарлама мазмұны	6 бет
1.1.Күнтізбелік тақырыптық жоспар.....	7 бет
Пайдаланған әдебиеттер.....	9 бет

ТҮСІНІК ХАТ

«Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері» тақырыбындағы элективті курсының оқу бағдарламасы жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сай құрылған[1]. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің 2017 жылы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын.» деген сөздерінен «өткенін білмеген болашағын болжай алмайтынын» меңзегенін байқаймыз.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2021 жылға арналған жол картасында қоғамдық маңызы бар іс-шаралар қатарына білім алушыларға кәсіптік бағдар көрсету бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру жоспары енгізілген [2]., осыған орай «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері» тақырыбындағы элективті курсының бағдарлама мазмұны бағытталған. Бағдарлама тақырыптары сол ежелгі Қазақстан тарихынан бастап, орта ғасырлар тарихын ретімен түсіндіру үшін құрастырылған. Оқулықтардағы кейбір материалдар тереңдетіліп берілген. Тарихи байланыс үзілмеу үшін және оқушыға меңгеру жеңіл болу мақсатында ежелгі заман мен орта ғасыр тарихы ұштастырылып баяндалған. Соңғы тарау ортағасырлық мәдени даму үрдісін де өзіндік сабақтастық сақталып дайындалды. Тарау соңында практикалық сабақтарға сағат берілген. Бұл сабақтарда оқушылар мұражайларға, қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына саяхат жасау арқылы және тарихшы ғалымдармен кездесіп өздерінің білімдерін бекітеді. Есте сақтау дағдыларын дамыту мақсатында тарихи фильм көріп, оны ұстаздарымен талдау жоспарлалған. Бағдарлама аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатқа жоспарланған. Курс соңында ауызша немесе тест құрылымы негізінде сынақ алу ұсынылады.

Бағдарламаның мақсаты - 11 сынып оқушыларының төменгі сыныпта түсінбей қалған олқылықтарын анықтап және олармен жұмыстана отырып, кесте және бейнероликтермен, контур картамен жұмыстану, тарихи оқиғалар арасында байланыс орната білу және қысқаша конспект жасау дағдыларын

дамыта отырып оқушының мемлекеттік қорытынды аттестаттау мен ҰБТ-ге дайындауға жағдай жасау

Міндеттері:

- Мемлекеттік қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ге қойылатын талаптар және ережелерді түсінеді.
- Бейнероликтер, контур картамен жұмыс және практикалық сабақтар негізінде есте сақтау қабілеті дамиды.
- Логикалық байланыс орната алады және қысқа әрі нақты мәлімет алуды дағдыға айналдырады.
- Ауқымды материалды қорытындылап, ой түйін жасай алады.
- Күмәнді сұрақтардың дұрыс шешімін табатын нақты білім қалыптасады.

Күтілетін нәтиже:

- Мемлекеттік қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ге қойылатын талаптар және ережелерге сай жүйелі білім алады.
- Көру арқылы фотографиялық жады, картамен жұмыс дағдысы қалыптасып, пәнаралық байланыс орнатылады және дүниетанымы кеңейеді.
- Тарихи оқиғаларды терең түсініп логикалық байланыс орната алады, қысқаша эссе, конспект жазу дағдысы қалыптасады;
- Пікірін еркін жеткізеді, айтылым, тыңдалым және жазылым дағдылары қалыптасады.
- Ашық және жабық тесттердің жауабын дұрыс шешеді.

Пәнаралық байланыс: Курс материалы география, қазақ әдебиеті және дүние жүзі тарихы пәндерімен тығыз байланысты. Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының ажырамас бір бөлігі болса, еліміздің таулары мен өзен-көлдерін картада табу арқылы география пәнімен байланыс орнатылады. Түркі халқының рухани және материалдық мәдениетін оқу барысында қазақ әдебиеті пәнінде тансқан материалдарды пысықтай түседі.

Оқыту нәтижесінде алынған білім мен дағды деңгейіне қойылатын талаптар: «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері» тақырыбындағы элективті курсын меңгерген оқушы жүйелі білім алып қана қоймай, сонымен қатар практикалық сабақтар негізінде жоспарланған мұражайлар мен мәдени орталықтарға саяхат жасау барысында дүниетанымы кеңейіп, жоғарғы оқу орындарының тарихшы ғалымдарымен кездесу арқылы мәселеге ғылыми көзқарастары қалыптасады. Курс бағдарламасына оқу құралы қосымша беріліп отыр. Оқу құралы әр тақырыпқа сай жүйлі мағұлмат, кесте және тақырыптық карталермен толықтырылған. Курс соңында ауызша немесе тест түрінде сынақ алу ұсынылады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ

I тарау. Ежелгі Қазақстан тарихының іргелі мәселелері

Тарау Қазақстан аумағындағы ежелгі тас дәуірі, орта тас дәуірі және жаңа тас дәуірінің ерекшеліктерін, алғашқы адамзат дамуының кезеңдерін, археологиялық ескерткіштерін, еңбек құралдарының дамуын, қауымдық құрылыс ерекшеліктерін, мыс-тас дәуірінің уақыт шеңберін, археологиялық ескерткіштерін, ежелгі адамдардың қоршаған орта туралы алғашқы діни түсінігі туралы, қола дәуірі, климаты, мәдениеті туралы, темір дәуірінде Қазақстан аумағында пайда болған тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттер туралы және көшпелі өркениеттің әлем мәдениетіне қосқан үлесін қамтиды. Тарауды аяқтаған соң екі сағат ҚР Ұлттық мұражайына саяхат жасап, ежелгі Қазақстан тарихынан алған білімдерін қорытындылайды.

II тарау. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері

Тарау алғашқы феодалдық мемлекеттер: Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттары және дамыған орта ғасырлық мемлекеттер: Қарахан мемлекеті, Қарақытайлар мемлекеті, Найман, керей, жалайыр мемлекеттерінің тарихын, Ұлы Жібек жолының тарихын тақырыптарын аяқтаған соң Еуразия Ұлттық Университетінің тарих ғалымдарымен кездесіп, құнды мәліметтер алып, қызықтыратын тақырыптарынан сұрақ қоя алады.

Монғолдардың Қазақстан жерін жаулап алуын, Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Әмір Темірдің басқыншылық жорықтарын, Ноғай Ордасы, Батыс Сібір хандығы және Әбілқайыр хандығының тарихын және бұл мемлекеттердің мемлекеттік-әкімшілік құрылысын, Қазақ халқының қалыптасуын, Біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылуын, Бұрындық және Қасым хан тұсындағы Қазақ хандығы, XVI ғасырдағы Қазақ хандығының саяси жағдайы және алғашқы ойрат шабуылдарына қарсы тұрған қазақ хандары туралы мағұлмат қамтиды. Тарау соңында екі сағат «Алмас қылыш» фильмін карап, өткен материалдарын бекітіп, қорытындылай алады.

III тарау Түркі халқының мәдениет.

Тарау түрік қағанаттарының шаруашылығы мен мәдениетін, Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың тарихын, Орта ғасырлық ғылым мен әдебиет, рухани мәдениет және XIV-XV ғасырлардағы сәулет өнері туралы мәліметтерді қамтиды. Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайына саяхат жасап алған білімдерін бекітеді.

Курс соңында ауызша немесе тест түрінде сынақ жүргізу ұсынылады.

**Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері
элективті курсының күнтізбелік тақырыптық жоспары.**

(Аптасына 1 сағат оқу жылына 34 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат саны
I тарау. Ежелгі Қазақстан тарихының іргелі мәселелері		
1	Қазақстан аумағындағы ежелгі тас дәуірі ерекшеліктері	1
2	Қазақстан аумағындағы орта тас дәуірінің ерекшеліктері	1
3	Қазақстан аумағындағы жаңа тас дәуірінің ерекшеліктері	1
4	Мыс-тас дәуірі (энеолит) Ежелгі адамдардың қоршаған орта туралы түсінігі	1
5	Қола дәуірі, климаты, мәдениеті.	1
6-7	Темір дәуірінде Қазақстан аумағында пайда болған тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттер. Көшпелі өркениеттің әлем мәдениетіне қосқан үлесі	2
8-9	Практикалық сабақ. Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайына саяхат.	2
II тарау. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының іргелі мәселелері		
10	Алғашқы феодалдық мемлекеттер. Түрік, Батыс Түрік, Түргеш қағанаттары	1
11	Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттары	1
12	Дамыған орта ғасырлық мемлекеттер. Қарахан мемлекеті, Қарақытайлар мемлекеті	1
13	Найман, Керей, Жалайыр және Қыпшақ хандықтары	1
14	Ұлы Жібек жолы тарихы	1
15	Практикалық сабақ. Евразия Ұлттық Университетінің тарих ғылымдарымен кездесу	1
16	Монғолдардың Қазақстан жерін жаулап алуы	1
17	Алтын Орда. Ақ Орда	1
18	Моғолстан	1
19	Әмір Темірдің басқыншылық жорықтары	1
20	Ноғай Ордасы	1
21	Батыс Сібір хандығы	1

22	Әбілқайыр хандығы	1
23	Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасындағы мемлекеттік-әкімшілік құрылысы	1
24	Қазақ халқының қалыптасуы. Біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы	1
25	XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси жағдайы	1
26	Алғашқы ойрат шабуылдарына қарсы тұрған қазақ хандары	1
27-28	Практикалық сабақ. «Алмас қылыш» фильмін көру, талдау, қорытынды жасау.	2
III тарау Түркі халқының мәдениеті.		
29	Түрік қағанаттарының шаруашылығы мен мәдениеті Қазақстандағы ортағасырлық қалалар	1
30	Орта ғасырлық ғылым мен әдебиет	1
31	Орта ғасырлық рухани мәдениет	1
32	XIV-XV ғасырлардағы сәулет өнері	1
33	Практикалық сабақ. Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына саяхат	1
34	Практикалық сабақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайына саяхат	1

Бақылау формалары және оқушылардың жетістіктерін бағалау әдістері:

Оқушылардың курс материалын қаншалықты меңгергенін анықтау үшін немесе оқушы өз білімін бағалау үшін оқушыларға арналған тапсырмалар жинағы дайындалды. Тапсырмалар жинағын мұғалімдер үшін сабақ үрдісінде пайдалануға болатын дидактикалық материал ретінде тиімді болса, оқушылар үшін алған мағұлматты есте сақтауды еселеу, білімін пысықтау мақсатында қолдануға болады. Тапсырмалар жинағы контур картаға белгілеу, кесте толтыру, шағын эссе жазу, тест және сәйкестендіру сынды тапсырмаларды қамтиды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 419-қосымша.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 50 қаулысы.
3. Ахметова С., Ибраева А., Құлымбетова А., Мағзұмова А., Марқабаяева А. Қазақстан тарихы. Оқулық. Астана: «НЗМ»ДББҰ .2017.-176 б.
4. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары Алматы: Аруна, 2007 . - 384 б.
5. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек Жолы және Ортағасырлық Қазақстан. Алматы, Қазақстан, 1992. -198 б.
6. Бакина Н.С., Жанақова Н.Т. Қазақстан тарихы. Оқулық. –Алматы: Атамұра, 2017. -240 б.
7. Елеуов М. А. Шу мен Талас өңірінің ортағасырлық қалалары.(ҮІ-ҮІІ ғ. басы) 1998. -210 б.
8. Жолдасбеков С. Орта ғасырлар тарихы.- Алматы: Атамұра, 2012
9. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерінің толық атласы . - Астана : Күлтегін, 2007.-360 б.
- 10.Жолдасбаев С. Жетісу аймағындағы елді мекендер мен тұрақ-жайлардың даму тарихы./ Алматы, 1997.
- 11.Жанайдаров О. Көркем суретті Қазақстан тарихы. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2006.-360 б.
- 12.Жеріңнің аты-Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. /Алматы,Аруна, 2006. - 808 б.
- 13.Кенжебайұлы Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін Алматы 2010.-332 б.
- 14.Қазақстан тарихы, көне заманнан бүгінге дейін, I, II том, Алматы «Атамұра» 2010.-640 б.
- 15.Мырзахметұлы М. Жер тарихы - ел тарихы. - Алматы : Таймас, 2016.- 221 б.

16. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2013.- 330 б.
17. Садықова Т.С., Жолдасбаев С. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы. Оқулық. –Алматы: Атамұра, 2007. – 240 б.
18. Средневековые города Казахстана (книга-альбом) –Алматы, Өнер, 2006. - 200 б.
19. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. III том. Астана «Фолиант» 2005.
20. Төлеубаев Ә. Ежелгі Қазақстан тарихы.- Алматы: Атамұра, 2015
Ғаламтор ресурсы
21. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy#